


Фармацевтикалық өнеркәсібі бойынша 2020 ж. қаңтар-тамыз айларына арналған дайджест




Фармацевтикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге



Түсінік:


- Фармацевтикалық өнеркәсіпте өндіріс көлемі **2020 ж. қаңтар-тамызда** 81,5 млрд. теңгені құрады (НКИ – 134,1%). Өсу отандық өндірушілердің ТМҚКК шеңберінде мемлекеттік сатып алуларға қатысуы, сондай-ақ, бөлшек сауда нарығында сұраныстың артуы нәтижесінде болды.
- Өңірлік кесінде отандық фармацевтикалық өндіріс көшбасшылары Шымкент қ. (31,8%), Алматы облысы (25,2%), Алматы қ. (21,5%) және Қарағанды облысы (14,7%).

ҚР өңірлері бойынша фармацевтикалық өнімнің 2020 ж. қаңтар-тамыздағы өндірісі, млн. теңге




**Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің
2020 ж. қаңтар-тамызда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда
өндіріс көлемі**



Медицинада қолданылатын шприцтер өндірісі



Пенициллин немесе антибиотиктерден тұратын дәрілер



САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-шілдеде 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 2,9% төмендеді және 32,9 млн АҚШ долл. құрады. COVID-19 пандемиясының таралуы нәтижесінде экспорттық қазақстандық фарм. өнімінің бөлігі өз тұрғындарымызды қамтамасыз ету үшін ішкі нарыққа қайта бағытталды.

Импорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-шілдеде 877,6 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 30,4% жоғары. Өсу сода компоненттері қоспаларынан тұратын ДЗ, араласқан немесе араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ есебінен болды.

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-шілдедегі экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ	ИМПОРТ
Жеке заттар немесе зат қосындыларынан тұратын ДЗ	87,3%	51,9%
Ветеринарлық вакциналар	4,9%	1,3%
Адам қаны; мал қаны	2,5%	11,7%
Антибиотиктерден тұратын ДЗ	2,4%	5,8%
Пеницилиннен тұратын ДЗ	1,3%	1,6%
Алкалоидтан тұратын ДЗ	0,7%	2,8%
Араласқан немесе араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ	0,2%	2,2%
Дәруменерден тұратын ДЗ	0,2%	2,3%
Санитарлық сөмкелер	0,1%	0,01%
Басқа	0,4%	20,39%
Барлығы	100%	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Павлодарда ғалымдар қорғаныс костюмдері мен маскалар өндірісін іске қосты



Павлодар Toraighyrov Ғалымдары аз сериялы жеке қорғаныс құралдары өндірісін әзірлеп, іске қосты.

Жиынтыққа комбинезон мен маска кіреді. Бұндай өндіріс Қазақстанда жоқ. Өнімді әзірлеу кезінде отандық өнім өндірісінде қолданылатын бес критерий ескерілді. Бұл оның пайдалану кезіндегі практикалық функционалдығы. Костюмның ыңғайлы болуы және дәрігерге зиян келтірмеуі маңызды. Қайта пайдалану фактісі, тығыздығы және өнімнің екі мың теңгеден артық болмауы да маңызды. Сонымен қатар, жиынтыққа кіретін маска жоо қабырғасында әзірленді және Қазақстанда басқа еш жерде өндірілмейді. Панорамалық маскаларды өндіру үшін Ресей Федерациясынан сатып алынатын термопластик полиэфирі негізіндегі ПЭТ пластик пайдаланылады. Өндіріс көлемі ұлғайған жағдайда цех басқа өндіріс технологиясына ауысады, онда шикізат ретінде гранулдар пайдаланылатын болады. Бүгінгі күні цехта айына 3-4 мың жеке қорғаныс құралдарын тігеді, тапсырыс кезінде 100 мың жинаққа дейінгі көлемге шығуға дайын. Тігін машиналарында ЖОО студенттері жұмыс істейді, олар үшін бұл қосымша табыс табу мүмкіндігі.

Дереккөз: pharmnews.kz

Қазақстанда ӨЖЖ стационарлық аппараттар өндірісі ашылды



«Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС заманауи технологиялық жабдықпен және инженерлік-техникалық

қызметкерлердің жоғары құзыреттілігімен ерекшеленеді.

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин пандемия жағдайында өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) аппараттары өндірісін ұйымдастырған қорғаныс өнеркәсібінің «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС барды.

Бұл аппарат емдеу мекемелерінде жан сақтау және интенсивті терапия бөлімшелерінде ересектер мен балалардың өкпесін ұзақ желдетуге арналған. ӨЖЖ аппараты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес келеді және Нұр-Сұлтан қ. көппрофильді инфекциялық орталығында сынақтан өтті, медициналық мамандардың оң сараптамалық қорытындысын алды.

Бүгінгі күні бейімделу деңгейі 30% дейін, оны 50 және одан да көп пайызға дейін арттыру мүмкіндігімен ӨЖЖ аппараттарын өнеркәсіптік жинау жүзеге асырылады.

Өндірістік цикл барысында бейімделу деңгейі «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС заманауи технологиялық жабдығы және электрондық, радиоэлектрондық, оптикалық құралдар өндірісі саласында инженерлік-техникалық қызметкерлердің жоғары біліктілігі нәтижесінде артатын болады.

ӨЖЖ аппараты өндірісінде ҚР басқа да қорғаныс кәсіпорындарының технологиялық әлеуеті іске қосылған.

Дереккөз: pharmnews.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



Ресейде революциялық табиғи антибиотик ойлап тапты



Тюмень мемлекеттік университетінің (ТюмМУ) ғалымдары дәрілік препараттарға патогендердің тұрақтылығын

жеңетін табиғи антибиотик ойлап тапты. Бұл зат бактериялар мен зеңдерден туындаған адамдар мен жануарлардың көптеген жұқпалы ауруларымен тиімді күресуге көмектеседі

Фармакологияның міндеттерінің бірі – нарықта қолжетімді антибиотиктерге еселенген немесе абсолютті төзімді микроорганизмдермен күресетін табиғи антибиотиктерді табу.

ТюмМУ зерттеушілері *Emericellopsis alkalina* алкофильді жіп тәрізді саңырауқұлақтан бөлінетін А эмерициллипсин пептидінің бірегей мүмкіндігін алғашқы болып көрсетті.

Жұмыс авторлары түсіндіргендей зерттелген заттың негізгі терапиялық ерекшелігі - әсердің жан-жақтылығы.

Ғалымдар атап өткендей, А эмерициллипсині күресуге мүмкіндік беретін патологиялар арасында ісіктер де бар, сондай-ақ, бактериялық және зең инфекцияларының барлық түрлері.

А эмерициллипсині өзіндік емдік құрал ретінде де, кешенді препарат элементі ретінде де перспективалы. Терапия инъекция арқылы немесе жергілікті түрде - зақымдалған тіндерді тікелей өңдеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Дереккөз: pharmnews.kz



Үндістан
фармацевтикалық саланы
дамытудың негізгі
бағыттарын белгілеуде

Дженериктер өндіру бойынша әлемдік орталық Үндістан белсенді фармацевтикалық ингредиенттер өндірісін ұлғайтудың жаңа схемасын іске қосты, олар бүгінде Қытайдан жеткізілімдерге тәуелді

Үндістан қазіргі уақытта фармацевтикалық ортада жаңа вакциналар мен жекелендірілген дәрілер жеткізуді жылдамдату мен кеңейтуге ерекше көңіл бөле отырып, инновацияларға дайындалуда.

Үкімет коммерциялық компаниялармен серіктестікте жаңа дәрілік заттар ашу мақсатында клиникалық сынақ процесін оңтайландыру мен реттеуші органдардың рұқсаттарын алуға бағытталған ауқымды реформалар өткізді.

Жекелендірілген дәрілер — денсаулық сақтаудың болашағы. Осы уақытқа дейін жекелендірілген медицина «жеке бағытталған дәрі-дәрмектерді алудың сирек тәсілі» ретінде қаралды, алайда, бүгін Үндістанда телемедицина мен әр түрлі телеконсультация тәсілдерінің күрт өсуіне байланысты жекелендірілген медицинаны денсаулық сақтау жүйесінің төменгі деңгейінде көруге болады.

Дереккөз : gmpnews.ru